

**"Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 қарашадағы № 3205 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 қаңтардағы № 995 Жарлығы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Президенті мен Үкіметі актілерінің  
жинағында жариялануға тиіс

«Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасының  
1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңы 14-бабының 2) тармақшасына  
с ә й к е с Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. «Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы туралы Ережені  
бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 қарашадағы №  
3205 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., № 44) мынадай  
т о л ы қ т ы р у л а р е н г і з і л с і н :

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Орталық  
сайлау комиссиясы туралы Ережеде:

15-тармақ мынадай мазмұндағы 25-1) тармақшамен толықтырылсын:

«25-1) электрондық сайлау жүйесін сүйемелдеу, сайлауды әзірлеу мен өткізу  
саласындағы автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуі және  
ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі тауарларды, жұмыстар мен  
қызметтерді оған қатысты мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын «Қазақстан  
Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Инженерлік-техникалық орталығы»  
шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнынан сатып  
а л а д ы ; » ;

мынадай мазмұндағы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының  
қарамағындағы ұйымдардың тізбесімен толықтырылсын:

**«Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының  
қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

«Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Инженерлік-техникалық  
орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны»  
»

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Президенті Н.Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК